

Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 17 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Мәртөк ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қазандағы № 435 "Мәртөк ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4569 болып тіркелген, 2015 жылдың 10 желтоқсанында аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде және 2015 жылдың 02 желтоқсанында "Әділет" АҚЖ-де жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Т. Көлкебаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған кезінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов